«Бекітемін»
Мектеп директоры:
М.Калменов

**№11М.Окороков атындағы жалпы орта мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесі бойынша мектепте адалдық дүкенінің іс-шаралар жоспары**
**2023-2024 оқу жылы**

| к/с | Атқарылған іс-шаралар | Мерзімі | Жауаптылар |
|---|---|---|---|
| 1 | Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шараларды мектепішілік «Integrity Shop» адалдық дүкенінің жоспарын бекіттіру | | П.Бекжанова |
| 2 | Мектепішілік «Integrity Shop»адалдық дүкенінің мақсатын оқушыларға түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру. | Ақпан | П.Бекжанова Сынып жетекшілер |
| 3 | Адалдық дүкенінің жұмыстарын ұйымдастыратын жауаптыларды бекіту | | П.Бекжанова |
| 4 | Адалдық дүкенінің салтанатты ашылу рәсімін өткізу | | П.Бекжанова М.Аукенбаева |
| 5 | адалдық дүкенінің апта соңында есебін жүргізу арқылы оқушылардың іс-әрекет мониторингісін жүргізу | Апта соңында | П.Бекжанова |
| 6 | адалдық дүкені туралы оқушылар арасынан сауалнамалар алу арқылы олардың қызығушылығын зерделеу | Айына бір рет | Сынып жетекшілер |
| 7 | адалдық дүкенінің жұмысы туралы АББ-не мәлімет беріп отыру | Уақытында | П.Бекжанова |

Тәлімгер: Б.Мауленбаева

# №11 М.П. Окороков атындағы жалпы орта мектебі

## №71 бұйрық

**Дербісек ауылы** **17.01.2019ж**

### « Адал ұрпақ» еріктілер клубын құру туралы»

Модернизация бойынша Ұлттық комиссия отырысында мақұлданған «100 нақты қадам – Ұлт жоспары» қадамдарын практикалық тұрғыдан іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының 13-қадамының 9-тармағын орындау шеңберінде рухани-адамгершілік және азаматтық-патриоттық тәрбиелеу контекстінде Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті мектеп ортасында қалыптастыру» Сарыағаш аудандық білім бөлімінің 11.01.2017жылдың №9 санды бұйрығын негізге ала отырып

**БҰЙЫРАМЫН:**

1.Мектепте жемқорлыққа қарсы мәдениеттік қалыптастыру мақсатта «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубы құрылсын. Әр сыныптан клуб мүшелері сайланып тапсырмалар берілсін.

2.Мектепте клуб жетекшілерімен « Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті мектеп ортасында қалыптастыру» мәселелерді талқылауға ата-аналар, заңды өкілдер, мектеп ата-аналар комитетінің төрағалары қатысып, оны жетілдіру бойынша ұсыныстары қабылдансын.

3. Мектеп оқушылары арасында азаматтық жауапкершілік және сыбайлас жемқорлыққа қарсы сипаттағы қатысты сауаттылық дамыту,түсіндіру мақсатында ашық тәрбие сағаттары өткізілсін.

- Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау, басшылыққа алу директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары П.Бекжанова мен М.Әукенбаеваға жүктелсін

**Мектеп директоры :** **Ж.Ә. Досжанова**

«Бекітемін».
Мектеп директоры:
М.Калменов

# «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубының жұмыс жоспары

2023-2024 оқу жылы

## «Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубы туралы Ережесі

### «Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубының анты:

«Адал Ұрпақ» еріктілер қатарына қабылдана отырып:

Қазақстан Республикасының патриоты болуға;

Өз отанымды, тілімді қастерлеуге;

Мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге;

Үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуге;

Білімге құштар болуға;

Салауатты өмір салтын ұстануға;

Абройлы, адал, әділетті болуға;

Өз бойымда сыбайлас жемқорлыққа қарсы ұстануға және оны өз достарымнан талап етуге, мәңгілік ел идеясын жүзеге асыруға. Отаныма шексіз қызмет етуге өз үлесімді қосуға салтанатты түрде ант етемін.

### «Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клуб мүшелерінің құрамы болуы шарт:

-Клуб жетекшісі;

-Клуб басшысы;

-Клуб мүшелері секция жетекшілері-

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім секциясының жетекшісі
2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ақпарат және шығармашылық секциясының жетекшісі
3. Мәдени көпшілік іс-шаралар секциясының жетекшісі болуы тиіс.

### «Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубының логотиптері болуы тиіс:

- клубтың Туы;
- клубтың төсбелгісі;

**№11М.Окороков атындағы жалпы орта мектебінде Адалдық дүкенінің ашылу салтанатының өткізілуі жайлы**

Хаттамасы.

«5» қыркүйек 2023 ж

Қатысқандар: 50

Мектеп директоры: М.Калменов

директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары П.Бекжанова ,директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары: Қ.Молдашов , мұғалімдер, сынып жетекшілер.

**Күн тәртібінде**:

Мектепте адалдық дүкенінің ашылуы жайлы /хабарламашы П.Бекжонова/

**Тыңдалды :**

Мектеп директоры жиналысты ашық деп жариялап,күн тәртібімен таныстырып өтті. Күн тәртібіндегі мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары П.Бекжанова адалдық дүкенінің ашылуы жайлы таныстыра келе, «Адалдық дүкенінің » ашылу мақсаты—оқушылардың бойына адалдық қасиеттерін сіңіру,оларды адалдыққа және әдептілікке баулу болып табылады. Яғни кез-келген оқушы сатушысы болмайтын аталған дүкеннен өзіне қажетті тауарды белгіленген құны бойынша тиісті бағасына сатып алып,ақшасын арнайы қойылған кассаға өткізеді.Осылайша ,ешбір қадағалаушысы жоқ дүкеннен қажетті затын сатып алған оқушы қулық немесе қиянатқа жол бермей,өзін адалдыққа және әділдікке тәрбиелей алады деп кеңінен түсіндіріп өтті.

Жарыс сөзге шыққан мектеп директоры «Адалдық дүкені» мектепте ашылып ,бұл оқушыларға берілген сенім екеніне өз ризашылығын білдірді. Бүгінгі мектебімізде ашылып отырған «Адалдық дүкенінің» оқушы жастарымыз үшін тәрбие мекені болатынына сеніміміз мол.

Келесі сөз кезегін мектептің кәсіподақ комитетінің төрайымы Ж.Орымбаева қоғамда сенім атмосферасын қалыптастыру және оқушы жастарға өздерін жақсы ,адал адам ретінде тануға мүмкіндік беру. Келесі сөз кезегі ата-аналар комитетінің төрайымы --------------сыбайлас жемқорлыққа қарсы жоғары сананы және мәдениетті дамыту сонымен қатар ішкі парасаттылықты,адалдықты тәрбиелеу ,сенімдерін қалыптастыру болмақ деп айтып өтті.

**ҚАУЛЫ:**

1.Сынып жетекшілер «Адалдық дүкенінің» мақсатында оқушылар арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізу міндеттелсін.

2.Оқушылар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы жоғарғы сана мен мәдениетті дамыту сонымен қатар оқушыларды адалдыққа тәрбиелеу

**№11М.Окороков атындағы жалпы орта мектебінде**

«    »            2023ж

**АКТ**

Біздер төменде қол қойып акт жасаушылар, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары П.Бекжанова, әлеуметтік педагог Э.Туребековаға ,аға тәлімгер Б.Мауленбаева, құқық пәнінің мұғалімі С.Сүлейменова болып сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды күшейту мақсатында мектепте « адалдық дүкенінің есеп шотында              теңге бар.Осы теңгеге оқушыларға қажетті кеңсе заттары қойылды. Оқушылар өздеріне қажетті заттарды алып отырды.жасады. Адалдық дүкенінде «----» -------2023ж        «----»------2024ж аралығында    теңгеге сауда жасалғандығы анықталды.

**Осы актыны растап қол қоюшылар:**

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары П.Бекжанова
Мектептің әлеуметтік педагогы Э.Туребекова
Мектептің психологы: Ж.Дүйсенова
Аға тәлімгер: Б.Мауленбаева
Құқық пәнінің мұғалімі: С.Сүлейменова

**Хаттама №1**

**«Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубының отырысы болып өтті**

**Қатысуға тиіс:690**
**Қатысқаны:650**

**Күн тәртібінде:**
1.Ерікті «Адал ұрпақ» мектеп клубының жұмыс жоспарын бекіту
2. «Адалдық аумағы» мектеп бұрышын құру
3. «Адал ұрпақ» мектеп клубының қатарына өз еркімен кіруге ниет білдірген үміткерлерді қарастыру
4. «Парасатты азамат» бұрышын ұйымдастыру

**Тыңдалды.**

«Адал ұрпақ» ұйымының алғашқы отырысы қыркүйек айында өтті. **Бірінші мәселе бойынша** тәрбие ісінің орынбасары П.Бекжанова «Адал ұрпақ» ұйымының жұмысы туралы мақста міндеттерімен,ережесімен және 2023-2024 оқу жылы бойынша жылдық жоспарды таныстырылып ұсынылды.

**Екінші мәселе** бойынша тәрбие ісі жөніндегі орынбасары сөз алып, «Адалдық аумағы» туралы мектеп бұрышын жасақтау туралы түсіндіріп өтті.

**Үшінші мәселе** ұйым мүшелерін бекіту туралы айтты. Ұйым төрайымы-

, мүшелері-5-11 сынып оқушыларын бекітуге ұсынылды. Осы оқушылар жоспар бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға бағытталған тәрбие жұмысына байланысты сынып сағаттары, сыныптан тыс іс-шаралар ұйымдастырып, қоғамдық ұйымдармен бірлесіп жұмыс жасауға ат салысады деп сөзін аяқтады.

**Төртінші мәселе**: «Парасатты Азамат» бұрышын ұйымдастыру бойынша ұйым жетекшісі аға тәлімгерсөз алды. Бұрыштың басты мақсаты- азаматтық, патриоттық тәрбие беру, кез келген адамның құқығын, бостандығын және міндетін құрметтеу, адамгершілік қасиет пен этикалық ананы қалыптастыру, жемқорлықты қабылдамау, шығармашылық қарым-қатынасты қалыптастыру үшін өте маңызды. «Парасатты Азамат» бұрышы мектеп фойесінде ілулі тұр. Бұрышта «Адал Ұрпақ» ұйымының бұйрығы, жылдық жоспары, мақсаты мен міндеттері, ұраны ілінеді деп сөзін аяқтады

**Хаттама №2**

**«Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубының отырысы болып өтті**

**Қатысуға тиіс:690**
**Қатысқаны:680**

**Күн тәртібінде:**
1.«Адалдық дүкені» туралы хабарлама
2. Қабылданған оқушылар туралы ақпарат
3.Ағымдағы мәселелер

**Тыңдалды:**

**Бірінші мәселе** бойынша тәрбие ісі жөніндегі орынбасары П.Бекжанова сөз алды. Мектепте "Адал ұрпақ" ерікті мектеп бірлестігінің ұйымдастыруымен "Адалдық дүкені" сатушысыз дүкен өткізілді. Адалдық дүкеніне мектеп ұстаздары мен оқушыларына қажетті құралдар қойылып, дүкенге қойылған құралдарды сатып ала отырып, өз адалдығын дәлелдеу үшін адалдық кассасына құралдарда көрсетілген соманы салады және өз адалдығын дәлелдейді. Алдағы уақытта осындай акция мектебімізде жыл бойы жалғасын табады және әртүрлі бағытта өткізіледы.

**Адалдық дүкенінің мақсаты:** оқушылардың бойына адалдық қабілетін қалыптастыру.

**Екінші мәселе –** барлық оқушыларға «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубының ережесі таныстырылған. Соның нәтижесінде ерікті түрде «Адал ұрпақ» мектеп клубына өздерінің ниеттерін білдірген оқушылардың өтініштерін ала отырып, мүшеге қабылдауға шешім қабылданды. Қабылданған оқушыларға толық қайта ұйымның ережесі, мүшелерінің міндеттері мен құқықтары таныстырылып өтті.

**Үшінші мәселе** – оқушыларға ұстаздарға үнемі үзілістерде сыбайлас жемқорлыққа қарсы брошюралар таратылып отырылады.

**Қаулы қабылданды:**

1. «Адалдық дүкені» жұмысы жандандырылсын

2. Қабылданған оқушылармен жұмыстар өткізілсін

## Хаттама №3

**«Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубының отырысы болып өтті**

**Қатысуға тиіс:690**
**Қатысқаны:685**

**Күн тәртібінде:**
1.«Адалдық сағаттары» өткізілу барысы
2. Оқушыларға сыбайлас жемқорлықтың зардабы туралы түсінік беру
3.Ағымдағы мәселелер

Тыңдалды:

**Бірінші мәселе бойынша** –бүгінгі отырыста күн тәртібіндегі мәселелер таныстырылып өтті. Мектеп оқушыларын адалдыққа, парасаттылыққа, отансүйгіштікке , ұлттық құндылықтарымызды көздің қарашығындай сақтап, құрметтеуге тәрбиелеу мақсатында 1-11 сыныптарда «Адалдық сабағы» өткізіліп отырылады. 1-11 сыныптарда 720 оқушы бар. Оқушылар түгел қатысты. Бастауыш сыныптар үшін «Достық –адалдық негізі», «Әділдік пен адалдық», «Жемқорлыққа жол жоқ!», «Адалдық туын көтеріп» тақырыптарында сынып сағаттары, әңгімелер, пікірталастар, презентациялық шолу сынып жетекшілер өткізді. Сынып сағаттарына қоғамдық ұйым жетекшілері қатысты. Сонымен қатар мектеп оқушылары үшін лездеме өтілді. Лездеме барысында ұлдар ұйымы « Саналы ұрпақ –жарқын болашақ» тақырыбында дәріс оқылды.

**Екінші мәселе бойынша-** Өскелең жас ұрпақтың тәрбиесіне адалдық пен парасаттылық қасиеттерін бойларына сіңіруді қалыптастыру. Осыған орай оқушыларымызға Сыбайлас жемқорлықтың зардабы туралы түсінік жұмыстары жүргізіліп отырылады.

**Мақсаты**: «Адалдық», «Әділдік», «Шыншылдық» жайлы оқушылардың түсініктерін кеңейту.Оқушыларға өмірде ата - анаға , досқа адал бола білуге баули отырып, әр адамның адал ісі мен адамдылығы көрінетін ілуге тәрбиелеу.

**Қаулы қабылданды:**

1. Адалдық сағаттарының өткізілуі есепке алынсын
2. Оқушыларға жиі сыбайлас жемқорлық туралы түсінік жұмыстары жүргізілсін.

**Хаттама №4**
**«Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубының отырысы болып өтті**

**Қатысуға тиіс:690**
**Қатысқаны:670**

**Күн тәртібінде:**
1.Адал ұрпақ клубының жұмысын қортындылау
2. «Адалдық дүкені» жұмыс барысын қорытындысы
3. ағымдағы мәселелер

**Тыңдалды:**
**Бірінші мәселе бойынша** кезекті отырыстың күн тәртібіндегі мәселелелермен тәрбие ісі жөніндегі орынбасары П.Бекжанова таныстырып өтті. «Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубының негізгі мақсаты рухани адамгершілік және азаматтық – патриоттық тәрбиелеу. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және сыбайлас жемқорлыққа мүлдем төзбеушілікті көрсететін құндылықтар жүйесін сақтау және нығайту,оқушылардың заң талаптарына сақтауға ынтасын қалыптастыру.
Осыған орай жоспар бойынша барлық іс-шаралар атқарылды. Сыныптарда сынып басшылары тағайындалды,мектепте парасатты азамат бұрышы құрылды,сыныптарда Адал ұрпақ мүшелері тағайындалды, «қоғамдық тәртіп негізі,біздің таңдауымыз занды мемлекет » атты дөнгелек үстелдер,адал және сатылмайтын еңбек бейнесі атты сурет байқауы бастауыш сыныптар арасында өткізілді. Жауапты мұғалімдер өздеріне тиесілі іс-шараларды уакытымен өткізіп отырды.
**Екінші мәселе бойынша- «Адалдық дүкені»** жыл бойы дүкен жұмысын атқарып келді. Оқушыларға,ұстаздарға қызмет істеді. Ай сайын есебі шығарылып отырылды. (қосымша анықтамалары жалғанды)

**Қаулы етіледі:**
1.Адал ұрпақ ерікті мектеп клубының жұмысы қанағаттанаарлық деп танылсын.
2. Адалдық дүкенінің есебі жазылсын.

# Сыбайлас жемқорлық - қоғам дерті

Кез келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті мәселенің бірі болып табылады. Сыбайлас жемқорлық заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Бұл кесел дамушы елдердегідей біздің жас мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр. Сондықтан да Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдылықтарының бірі осы зұлымдықпен күресу болып табылады.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Әсіресе, халық парақорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сыбайлас жемқорлықпен күресті жеке қарау мүмкін емес. Сондықтан, кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет.

Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық қылмыстар және осы тұрғыдағы құқық бұзушылықтарға бой алдыруының себебі көп. Оған ең алдымен қызметшілердің білім деңгейінің, әдептілік ұстанымының төмен болуы әсер ететін болса керек. Кей мемлекеттік қызметшілердің құқық бұзушылыққа немқұрайлылық танытуы, кәсіби әдептілігінің жетіспеуі де, жеке басының қамын ойлауы да парақорлықтың дендеуіне септігін тигізуде. Сондай-ақ, кейбір мемлекеттік орган басшыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заң талаптарын атқаруда ынта танытпай, жұмыс жүргізбеуі де жемқорлықтың тамырын тереңдете түседі.

Парақорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне нұқсан келтіреді, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына түрткі болады. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес, сыбайлас жемқорлықпен күресті барлық мемлекеттің органдар мен онда қызмет атқаратын лауазымды тұлғалар жүргізуі тиіс. Мемлекеттің органдардың, ұжымдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының басшылары өз өкілеттігі шегінде кадр, бақылау, заңгерлік және өзге де қызметтерін тарта отырып, заң талаптарының орындаулын қамтамасыз етуге міндетті.

## *«Адал ұрпақ» еріктілер клубының атқарылған жұмыстарының есебі*

Түркістан облысы, М.П.Окороков атындағы №11 орта мектепте сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарасыты қалыптастыру мақсатында «Адал ұрпақ» еріктілер клубында іс-шаралар жоспары бекітіліп, жұмыстар жасалды. Клуб мүшелері 9-сынып оқушыларынан құралған.

Жыл басында «Адал ұрпақ» еріктілер клубына арналған жылдық жоспар бекітілді. Жоспар бойынша клуб жетекшісі П.Бекжонова бекітілді. Жоспарға сай клуб мүшелері тағайындалды. Клуб жұмысы үш секция бойынша жұмыс жасап жатыр:

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім;
2. Ақпарат және шығармашылық;
3. Мәдени-көпшілік іс-шаралар бағытында жұмыс
   жасайды. Клуб мүшелері жоспарға сай бекітілген жұмыстарын уақытында орындап отырды.

Қыркүйек айында- «Парасатты азамат» бұрышы мектептің кіреберіс дәлізіне орналасқан . Бұрыштың мақсаты: жас ұрпақты Отансүйгіштіккке, азаматтылыққа, адамның құқықтарына, бостандықтарына және міндеттеріне құрметпен қарауға , адамгершілік сезімдер мен этикалық сананы, еңбекүйгіштікке, оқуға, еңбекке, өмірге жасампаздықпен қарауға, адалдыққа тәрбиелеу. Жоспарға сай әр үш бағыт бойынша жұмыстар атқарылды.

Қазан айында-«Сүіспеншілік- адамның басты қасиеті, ақиқат оның негізі, дұрыс әрекет- оның шынайы өмірі». Мектепішілік арнайы сынып сағаттары өткізілді. Ар-ұят, абырой, адалдық, әділеттілік, адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру мәселесі қаралды.

Қараша айында- «Менің құқығым» тақырыбында суреттер байқауы өткізілді. Құқықбұзушылық, оның ішінде сыбайлас жемқорлыққа төзбеу, мәдениетті қалыптастырудағы отбасының рөлі туралы мәселелер қозғалды.

Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының Сарыағаш аудандық адами әлеуетті дамыту бөлімінің **«№11М.Окороков атындағы жалпы орта білім беретін мектебі»** коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Коммунальное государственное учреждение **«Общеобразовательная средняя школа №11 имени М.Окорокова»** отдела развития человеческого потенциала Сарыанашского

**БҰЙРЫҚ**
2023 жылғы 01 қыркүйек
Дербісек аулы

**ПРИКАЗ**
№ -ж/қ
село Дербисек

**«Ұшқыр ой алаңы» оқушылар дебаттық клубы туралы**

Өскелең ұрпақты демократиялық қоғамда өмір сүруге ,азаматтық белсенділік қалыптастыру, сыни ойлау жалпы және құқықтық мәдениет қалыптастыруға ықпал ету, жеке тұлғаны қалыптастыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мектепте 8-11 сынып білім алушылары арасында Американдық парламенттік форматта **«Ұшқыр ой алаңы »** дебаттық клубы ашылсын.
2. Мектептің **«Ұшқыр ой алаңы»** дебаттық клубының жетекшісі етіп аға тәлімгер Б.Мауленбаева бекітілсін.
3. **«Ұшқыр ой алаңы»** дебаттық клубының жұмыс жоспары бекітілсін.
4. Осы бұйрықтың орындалуын және өз дәрежесінде өтуін қадағалауды директордың тәрбие жөніндегі орынбасарлары П.Бекжановаға жүктелсін.

**Мектеп директоры:** **М.Калменов**

«Бекітемін»
Мектеп директоры:
М.Калменов

Түркістан облысы
Сарыағаш ауданы
№11М.П.Окороков атындағы жалпы орта коммуналдық мемлекеттік мекемесі

# №11М.П.Окороков атындағы жалпы орта білім беретін мемлекеттік мекемесінің «Ұшқыр ой алаңы» дебаттық қозғалысын жүзеге асыру жөніндегі 2022-2023 оқу жылына арналған іс-шаралар жоспары

Дербісек ауылы.

***«Бекітемін»***
***Мектеп директоры***
***М.Калменов***

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары мен аға тәлімгер және педагог ұйымдастырушының бірлескен жылдық жұмыс жоспары.

| № | Атқарылатын іс-шаралар | Мерзімі | Жауапты |
|---|---|---|---|
| 1 | 1 Қыркүйек білім күніне орай алғашқы қоңырау салтанатты жиынын ұйымдастыру | Қыркүйек | ДТІЖО<br>Тәлімгер<br>Педагог ұйымдастырушы<br>Қазақ тілі бірлестігі |
| | «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының ережесі мен таныстыру. | | |
| | Белсенділерді сайлау. | | |
| | 22 қыркүйек тілдер мерекесіне орай «Мемлекеттік тіл-менің тілім!» атты кеш ұйымдастыру. | | |
| 2 | 1 қазан Қарттар күніне орай «Қарттарым аман жүрмісің» кездесу ұйымдастыру. | Қазан | ДТІЖО<br>Тәлімгер<br>Педагог ұйымдастырушы<br>Сынып жетекшілер |
| | «Ұстазым, ұлағатым, үлгі өнегем» тақырыбымен ұстаздар мерекесін атап өту. | | |
| | Мерекесін берекелі «Алтын күз» атты іс-шара ұйымдастыру. | | |
| | 29 қазан «Біз салауатты өмір салтын қолдаймыз» атты спорт түрлерінен сайыс ұйымдастыру | | |
| 3 | Республикалық біріңғай «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының кезекті отырысын өткізу | Қараша | ДТІЖО<br>Тәлімгер<br>Педагог ұйымдастырушы<br>Сынып жетекшілер |
| | «Сақ болыңыз, бағдаршам» айлық ұйымдастыру | | |
| | 19 қараша Халықаралық темекіге қарсы күрес күніне орай іс-шара ұйымдастыру | | |
| 4 | Республикалық бірінғай «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының аудандық байқауына оқушыларды дайындау және қатыстыру | Өз мерзімінде | ДТІЖО<br>Тәлімгер<br>Педагог ұйымдастырушы |
| | Республикалық біріңғай «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының аудандық штаб оқуына белсенділерді қатыстыру | | |

«Бекітемін»
Мектеп директоры:
---------Калменов.М

№11М.ПОкороков атындағы жалпы орта білім беретін мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесі 2022-2023жылына арналған қазан айының жоспары

| № | Атқарылған іс-шаралар | Мерзімі | Жауаптылар |
|---|---|---|---|
| 1 | «Күз сыйы» атты жәрмеңке | 04.10. 2021ж | ДТІЖО,ұйымдастырушы педагог, тәлімгер, сынып жетекшілер |
| 2 | «Күз керемет» атты көрме | 06.10.2022ж | ДТІЖО, педагог ұйымдастырушы, тәлімгер |
| 3 | «Жас Ұлан» балалармен жас өспірімдер ұйымының отырысы | 07.10.2022ж | ДТІЖО, педагог ұйымдастырушы, тәлімгер |
| 4 | «Алтын күз-2022ж атты байқауын ұйымдастыру | 10.10.2022ж | ДТІЖО,ұйымдастырушы педагог, тәлімгер |
| 5 | «Күз ханшайымы» байқау 5-7 сыныптар Арасында. | 12.10.2022ж | Педагог ұйымдастырушы , Аға тәлімгер. |
| 6 | «Жас ұлан» балалармен жас өспірімдер ұйымының отырысы. | 13.10.2022 | Педагог ұйымдастырушы, Аға тәлімгер |
| 7 | «Күз аруы » атты байқауы | 14.10.2022ж | Педагог ұйымдастырушы, Аға тәлімгер |
| 8 | «Еңбек күніне орай» мектеп аулασында тазалық жұмыстарын жүргізу. | 18.10.2022ж | Педагог ұйымдастырушы, тәлімгер, сынып жетекшіле |
| 9 | «Алкагольмен күрес күні» Мектеп оқушыларының арасында дөңгелек стол өткізу, ұйымдастыру | 20.10.2022ж | Педагог ұйымдастырушы, тәлімгер, мед бике. |
| 10 | «Дебат» 7-8 сыныптар арасында өткізу | 25.10.2022ж | Педагог ұйымдастырушы, тарих пәнінің мұғалімі Сулейменова. С |

Аға тәлімгер: Б.Мауленбаев

№11 М. Окороков атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде
27.09.2022-02.10.2022 жылына арналған
апталық іс-шара жоспарының

## қ о р ы т ы н д ы с ы.

Мектебімізде 2022жылдың 1қазан күні ұлағатты ұстаздардың Төл мерекесіне арнап 1-11 сыныптардың қатысуымен «Ұстаздар –ұлы тұлға» атты мерекелік концерт болып өтті.Іс-шараның өткізілу мақсаты : оқушыларды ұстазды құрметтеуге, сыйлауға уйрету,ұстаз мамандығының қыры мен сырларын тусіндіру.Ұстаз еңбегін әрқашан бағалай білуге уйрету. Мерекелік сахна жоғары дәрежеде безендірілді . Концерттік бағдарлама ға мектебіміздің бастауыш сыныптарынан бастап жоғарғы сыныптары ат салысып өз өнерлерін паш етті. Мерекенің шымылдығын 11 « А» оқушыларының құттықтауларымен ашылды . Әрмен қарай 7 «А» сынып оқушысы Жылгелді Балнұр орындауында «Ұстазым » әнін орындады .Кештің тізгінін жүргізушілері Досымжан мен Аружан жүргізіп отырды .Құттықтау сөзді мектеп директорынан бастау алып,әрмен қарай пән бірлестіктерін құттықтаудан жалғасын тапты.

Мектебіміздің Кәсіп одақ комитетінің төрайымы Орынбаева Жәмилә қаным ұстаздарды сыйлықтармен құтықтады.

№11М. Окороков атындағы жалпы орта білім беретін мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 05.09.2022-10.09.2023 жылына арналған апталық іс-шара жоспарының

**қ о р ы т ы н д ы с ы.**

Мектебімізде 2022 жылдың 06 «тіл мәртебесі ел мәртебесі» атты кең ауқымды мерекеліе іш -шара өткізілді . Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығы тойланды. Жас ұрпаққа ол -ең бірінші,қазақ балаларын ана тілінде сауатын ашуына көп күшін жұмсағандығын ұғындыру. «Отбасы-бақыт мекенім» атты сурет көрмесі 5-6 сынып оқушыларының қатысуымен өтті . 17 қыркүйек күні «Отан отбасынан басталады» тақырыбында 7-8сынып оқушылары эссе жазды .18 қыркүйек күні 10 сынып оқушыларының қатысуымен «Оқушы, отбасы,қоғам» атты дөңгелек үстел ұйымдастырылды .Мұндағы мақсат оқушылардың бойына Отан отбасынан басталатынын,отбасын қадірлеуді, отбасынан имандылықтын бастау алатынын ұғындыру.Оқушылар апталыққа белсенді жоғары денгейде қатысты.

№11М.П.Окороков атындағы жалпы орта білім беретін мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 2022-2023оқу жылындағы «Менің денсаулығым-менің байлығым!» тақырыбында мектеп спорт алаңында денсаулық фестиваль ұйымдастырылып өткізілген іс-шарасының

**қорытындысы**

Қазақстан Республикасының әнұранымен ашылды. Әрмен қарай таңғы жаттығулар жасап, жүгірді. Іс-шараға мұғалімдермен оқушылар бірыңғай спорттық киімде белсене қатысты .Мұндағы мақсат денсаулық –табиғаттың адамзатқа ұсынатын баға жетпес сыйлық екенін ұғындыру.

Денсаулық фестиваліне қатысқан мұғалімдер:

1) Бейсебаева.Р
2)Тастанова.Н
3) Ерінбетова. А
4)Балғабаева Н
5) Мауленбаева.Б
6) Сулейменова. С
7) Кожукова. Д
8) Ахметова.С
9)Стамкул. С
10) Исакулов .Д
11) Амиров. Н

Іс-шара өз дәрежесінде өтті

Мектеп ұйымдастырушы-педагогі:________ Туребекова.Э.

«Күз ханшайымы» атты кешінің сценарийі.
(5-7 сыныптар арасындағы)

Мақсаты: Оқушылардың әртістік қабілетін дамыту, еңбек сүйгіштікке баулу, табиғатты сүйуге тәрбиелеу, ауызбіршілікке бейімдеу.

Көрнекілік: Билбордтар, шарлар,плакаттар.

Жүргізуші:
Қайырлы күн, қымбатты ұстаздар мен оқушылар! Бүгінгі біздің мектебімізде Өткелі отырған «Күз ханшайымы» атты күзгі байқау кешіне хош келдіңіздер!

Берекелі мерекелі алтын күз құтты болсын. Қасиетті күз мезгілінін бір сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес.
Күз дегеніміз-жазира даланың дархан дастарханы. Күз дегеніміз – байлық молшылық.

Қош келдіңіз көрермен,
«Күзгі балдың» кешіне.
Отырыңыздар қол соғып,
Шат күлкіге бөлене.
Көбейді құт-береке,
Астық толы қоймамыз
Құтты болсын мереке,
«Алтын күзді» тойлаймыз.
Ендеше, бүгінгі алтын күзге қатысушы үміткерлерімізді ортаға шақырамыз.

1. Рысалиева Нұрай 5 «а»
2. Ергеш жания5 «ә»
3. Арипбай Алмира 5«б»
4. Мырзалы айару 6 «а»
5. Абдували Назерке 6 «ә»

6.Бигелді Оразкүл 7 «б»



«Қазақ елі менің Отаным»
Өтетін күні: 23 қазан 2022жыл
Өтетін орны акт залы
Басталу: 8:00
Аяқталуы:8:45

Жоспар
Салтанатты жиынының реті

1. Залды безендіру:
2. Оқушыларды сапқа тұрғызу
3. Фанфары жіберу
4. Ашық деп жариялау
5. ҚР Мемлекеттік Гимні:
6. Директорға сөз
7. Музыкалық номерлер
8. Жабық деп жариялау

Мақсаты: Жас ұрпақты Отанын сүюге, еліміздің рәміздерін қастерлеуге, бай -қуатты ел екендігін мақтан етуге үйретіп, туған еліне, жеріне деген сүйіспеншілігін арттырып, махаббат сезімін ояту...

1-жүргізуші:Армысыздар, құрметті ұстаздар мен оқушылар,бүгінгі мерекеміз Республика күніне арналған, **«Менің Отаным- Қазақстан»** атты кешімізді ашық деп жариялаймыз!

Желбірейді шалықтап
Қазақстан жалауы.
Көкте қыран қалықтап,
Қанат қағып барады.
Нық көтеріп тұрамыз
Жалауды біз құлатпай!

**1-Рапорт беріледі. Ту кіреді.**

**2.Гимн орындалады.**

№11М.Окороков атындағы жалпы орта мектебінде жас инспектор сайлау





Мұғалімдер күніне өзін өзі басқару ұйымының Дуплер жасаған фото



